

Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасының қосылуы туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 10 ақпандағы N 389-ІІ заңы

Базельде 1989 жылғы 22 наурызда жасалған Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы Базель конвенциясына Қазақстан Республикасы қосылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды және оларды аулаққа шығаруды бақылау туралы БАЗЕЛЬ КОНВЕНЦИЯСЫ

(2003 жылғы 1 қыркүйекте күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

КІРІСПЕ

О с ы К о н в е н ц и я Т а р а п т а р ы :

қауіпті және басқа да қалдықтардың және оларды трансшекаралық тасымалдаудың адам денсаулығына және қоршаған ортаға келтіретін зиянының қатерін ескере отырып;

қауіпті және басқа да қалдықтарды өндірудің және трансшекаралық тасымалдаудың өсуі және олардың күрделі сипаты нәтижесінде адам денсаулығына және қоршаған ортаға төнген қауіптің өсуін сезіне отырып;

сондай-ақ, адамның денсаулығын және қоршаған ортаны осындай құралған қалдықтардың қаупінен қорғаудың барынша тиімді әдісі оларды өндірудің мөлшерін және/немесе олардың қауіпті әлеуетін ең төменгі шекке дейін қысқарту болып т а б ы л а т ы н ы н с е з і н е о т ы р ы п ;

қауіпті және басқа да қалдықтарды, оларды трансшекаралық тасымалдауды және аулаққа шығаруды қоса алғанда, олардың шығарып тасталған орнына қарамастан, адамның денсаулығын және қоршаған ортаны қорғаумен сыйымды мемлекеттің қажетті шаралар қабылдауға тиісті екендігіне сене отырып;

мемлекеттің өндірушінің қауіпті және басқа да қалдықтарға қатысты міндеттемелерін, шығарып тастау орнына қарамастан, қоршаған ортаға сыйымды әдіспен орындауды қамтамасыз етуге тиіс екендігін атап көрсете отырып;

әрбір мемлекеттің өз аумағында басқа мемлекеттің қауіпті және басқа да қалдықтарын трансшекаралық тасуға немесе аулаққа шығаруға тыйым салуға егеменді

құқығы бар екенін толық тани отырып;

сондай-ақ, басқа мемлекеттердегі, әсіресе дамушы елдердегі қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға және оларды аулаққа шығаруға тыйым салуға ұмтылыстың өсе түскенін тани отырып;

қауіпті және басқа да қалдықтардың осы қалдықтар өндірілген мемлекетте аулаққа шығару тиістілігінің оларды экологиялық негізделген және тиімді пайдалануға қандай дәрежеде, қаншалықты сәйкес келетініне көз жеткізе отырып;

сондай-ақ, осындай қалдықтарды оларды өндірген мемлекеттен кез келген басқа мемлекетке трансшекаралық тасымалдауға Конвенция ережелеріне сәйкес адамның денсаулығы және қоршаған орта үшін қауіп туғызбайтын жағдайда жүзеге асырылған кезде ғана рұқсат етілуге тиіс екенін сезіне отырып;

қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға бақылауды күшейту оларды экологиялық негізделген пайдалануға және мұндай трансшекаралық тасымалдаудың көлемін қысқартуға ынталандырады деп есептей отырып;

мемлекеттердің қауіпті және басқа да қалдықтарды осы мемлекеттерден әкелу немесе олардан әкету және осындай тасымалды бақылау трансшекаралық тасымалдау туралы ақпараттармен тиісінше алмасуды қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауға тиіс екендігіне көз жеткізе отырып;

бірқатар халықаралық және аймақтық келісімдерде транзиттік қауіпті жүктерге байланысты қоршаған ортаны қорғау мен сақтау туралы мәселе қарастырылатынын а т а п к ө р с е т е о т ы р ы п ;

Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта проблемасы бойынша Конференциясының Декларациясын (Стокгольм 1972), Біріккен Ұлттар Ұйымының қоршаған орта бойынша 1987 жылғы 17 маусымдағы Бағдарламаларды басқарушылар Кеңесінің (ЮНЕП) қауіпті қалдықтарды экологиялық жағынан ақталған пайдалануға қатысты қабылданған 14/30 шешіміндегі басшылыққа алатын Каир ережелері мен принциптерін, БҰҰ-ның қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі сарапшылар Комитетінің (1957 жылы құрылған және әр екі жылда жаңартылатын) ұсыныстарын, Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінің шеңберінде қабылданған ұсыныстарды, декларацияларды, құжаттарды және ережелерді, сондай-ақ басқа да халықаралық және аймақтық ұйымдарда жүргізілген жұмыстарды және зерттеулерді назарға ала отырып;

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының отыз жетінші сессиясында қабылданған (1982 ж.) қоршаған ортаны қорғауға және табиғи ресурстарды сақтауға қатысты тәртіп ережелері ретінде Дүниежүзілік табиғат хартиясының рухын, принциптерін, мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып;

Мемлекеттердің адам денсаулығын қорғауға және қоршаған ортаны қорғау мен сақтауға қатысты өздерінің халықаралық міндеттемелерін орындау үшін жауап беретінін және халықаралық құқыққа сәйкес жауапкершілікте болатынын растай о т ы р ы п ;

осы Конвенцияның ережелері немесе оған кез келген хаттама елеулі дәрежеде бұзылған жағдайда халықаралық құқық шарттарының тиісті ережелері қолданылатынын тани отырып;

экологиялық негізделген аз қалдықты технологияларды, әкімшілік-шаруашылық қызметінің тиімді жүйесі мен қауіпті және басқа да қалдықтар өндіруді ең төменгі шекке дейін қысқарту мақсатында қалдықтарды пайдаланудың кері айналысы әдістерін әзірлеу мен енгізуді жалғастыру қажет екенін ескере отырып;

сондай-ақ, қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға бақылауды күшейту қажеттігіне байланысты халықаралық қоғамдастықтың өсе түсіп отырған қаупін, сондай-ақ, осындай тасымалды мүмкіндігінше ең төменгі шекке дейін қысқарту қажеттігін ескере отырып;

қауіпті және басқа да қалдықтардың трансшекаралық заңсыз айналымының проблемаларына алаңдаушылық білдіре отырып,

сондай-ақ, дамушы елдердің қауіпті және басқа да қалдықтарды ұтымды пайдаланудағы шектеулі мүмкіндіктерін назарға ала отырып,

елдің ішінде өндірілген қауіпті және басқа да қалдықтарды негізделген пайдалану мақсатында, әсіресе дамушы елдерге табиғат қорғау технологиясын беруді кеңейту туралы Каирдің басшылыққа алатын ережелері мен ЮНЕП Басқарушылар Кеңесінің 14/16 шешімі рухындағы қажеттілікті тани отырып;

сондай-ақ, қауіпті және басқа да қалдықтардың тиісті халықаралық Конвенциялар мен ұсыныстарға сәйкес тасымалдануға тиіс екендігін тани отырып;

қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мұндай қалдықтарды тасымалдау экологиялық негізделген әдіспен және соңғы аулаққа шығару жүзеге асырылғанда ғана рұқсат етілуге тиіс екендігіне көз жеткізе отырып; және

адам денсаулығын және қоршаған ортаны қауіпті және басқа да қалдықтарды өндіруден және пайдаланудан туындауы мүмкін апатты әсерден қатаң бақылаудың көмегімен шектеуді шешуге құлшыныс білдіре отырып;

МЫНА ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

1-бап

Конвенцияның қолданылу аясы

1. Осы Конвенцияның мақсаттары үшін трансшекаралық тасымалдау объектісі болып табылатын мынадай қалдықтар:

а) I қосымшада көрсетілген, кез келген санатқа кіретін қалдықтар, егер олар III қосымшада аталған қандай да бір қасиеттерді иеленбесе, және

б) а) тармағында қамтылмаған қалдықтар, бірақ Тараптар болып табылатын экспорт, импорт немесе транзит мемлекеттің ішкі заңдарына сәйкес қауіпті деп белгіленсе немесе есептелсе, "қауіпті қалдықтар" деп есептеледі.

2. II қосымшада көрсетілген кез келген санатқа кіретін трансшекаралық тасымалдауға жататын қалдықтар осы Конвенция мақсаттары үшін "басқа қалдықтар" болып есептеледі.

3. Олардың радиоактивтік белсенділігіне байланысты басқа халықаралық бақылаудың жүйесіне, оның ішінде радиоактивтік материалдарға қатысты арнайы қолданылатын халықаралық келісімдерге енетін қалдықтар осы Конвенцияның қолданылу аясынан шығарылады.

4. Теңіз кемелерінің қалыпты жұмысының нәтижесінде пайда болатын, тасталымы басқа халықаралық құқық құжаттарында қамтылған қалдықтар осы Конвенцияның қолданылу аясынан шығарылады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Конвенция мақсаттары үшін:

1. "қалдықтар" - шығарып тасталатын, шығарып тастауға арналған немесе ұлттық заң ережелеріне сәйкес шығарып тастауға жататын заттарды немесе нәрселерді білдіреді;

2. "пайдалану" - қауіпті және басқа да қалдықтарды, шығарып тасталған орынға бақылауды қоса алғанда, жинауды, тасымалдауды және жоюды білдіреді;

3. "трансшекаралық тасымал" - бір мемлекеттің ұлттық юрисдикциясындағы ауданнан қауіпті және басқа да қалдықтарды басқа мемлекеттің ұлттық заңды юрисдикциясындағы ауданға не аудан арқылы, не қандай бір мемлекеттің ұлттық юрисдикциясында болмайтын аудан немесе аудан арқылы жасалатын кез келген алып өтуді білдіреді, мұндай тасымалдар ең жоқ дегенде екі мемлекетке қатысты болуы шарт;

4. "аулаққа шығару" - осы Конвенцияға IV қосымшада белгіленген кез келген операцияны білдіреді;

5. "санкция берілген орындар немесе объектілер" - аумағында мұндай орындар немесе объектілер орналасқан мемлекеттің тиісті органынан рұқсат немесе лицензия алынуға қатысты қауіпті және басқа да қалдықтарды аулаққа шығаруға арналған орындарды немесе объектілерді білдіреді;

6. "құзыретті орган" - Тараптар қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау және оған байланысты кез келген ақпарат туралы хабар алуы үшін және осындай хабарды 6-бапқа сәйкес қамтамасыз ету үшін орынды деп тапқан географиялық осындай аудандар шегінде Тарап тағайындаған мемлекеттік органды білдіреді;

7. "бөлінген орталық" - 13 және 15-баптарда көзделгендей ақпарат алуға және ұсынуға жауап беретін 5-бапта ескерілген Тараптың заңды тұлғасын білдіреді;

8. *"қауіпті және басқа да қалдықтарды экологиялық негізделген пайдалану"* - адам денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпті және басқа да қалдықтарды пайдалану барысында осындай қалдықтардың мүмкін болатын жағымсыз әсерінен барлық практикалық мүмкін болатын шараларды қабылдауды білдіреді;

9. *"мемлекеттің ұлттық юрисдикциясындағы аудан"* - мемлекет халықаралық құқыққа сәйкес адам денсаулығын қорғау мен қоршаған ортаның жай-күйіне әкімшілік және нормативтік жауапкершілікте болатын кез келген құрғақтағы және теңіздегі ауданды немесе әуе кеңістігін білдіреді;

10. *"экспорт мемлекеті"* - қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау жоспарланған немесе басталған кез келген Тарапты білдіреді;

11. *"импорт мемлекеті"* - қандай бір мемлекеттің ұлттық юрисдикциясы қолданылмайтын қауіпті және басқа да қалдықтарды оларды аулаққа шығару мақсатымен немесе ауданда аулаққа шығарғанға дейін тиеу мақсатымен тасымалдау жоспарланатын Тарапты білдіреді;

12. *"транзит мемлекеті"* - қауіпті және басқа да қалдықтарды солар арқылы тасымалдау жоспарланған немесе жүзеге асырылатын экспорт немесе импорт мемлекеті болып табылмайтын кез келген мемлекетті білдіреді;

13. *"мүдделі мемлекеттер"* - олардың Тараптар болып табылатынына немесе табылмайтынына қатыссыз, экспорт немесе импорт мемлекеттері немесе транзит мемлекеттері болып табылатын Тараптарды білдіреді;

14. *"тұлға"* - кез келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді;

15. *"экспортшы"* - экспорт мемлекетінің юрисдикциясындағы қауіпті және басқа да қалдықтардың экспортын ұйымдастыратын кез келген тұлғаны білдіреді;

16. *"импортшы"* - қауіпті және басқа да қалдықтардың импортын ұйымдастыратын импорт мемлекетінің юрисдикциясындағы кез келген тұлғаны білдіреді;

17. *"тасымалдаушы"* - қауіпті және басқа да қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын кез келген тұлғаны білдіреді;

18. *"өндіруші"* - қызметі қауіпті және басқа да қалдықтарды түзеуге әкеп соқтыратын кез келген тұлғаны, егер бұл тұлға белгісіз болса, онда бұл қалдықтарға иелік етуші және/немесе оларға бақылауды жүзеге асыратын кез-келген тұлғаны білдіреді;

19. *"аулаққа шығаруға жауап беруші тұлға"* - қауіпті және басқа да қалдықтарды тиеуді және осындай қалдықтарды аулаққа шығаруды жүзеге асыратын кез келген тұлғаны білдіреді;

20. *"саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі ұйымдар"* - егеменді мемлекеттерден тұратын, оның мүше-мемлекеттері осы Конвенциямен реттелетін мәселелерге өкілеттік берген және өзінің ішкі ресімдеріне сәйкес қол қоюға, бекітуге, қабылдауға, мақұлдауға, ресми растауға немесе оған қосылуға тиісті уәкілеттік берілген ұйымдарды білдіреді;

21. "заңсыз айналым" - 9-бапқа сәйкес қауіпті және басқа да қалдықтарды кез келген трансшекаралық тасымалды білдіреді.

3-бап

Қауіпті қалдықтардың ұлттық анықтамалары

1. Тараптардың әрқайсысы осы Конвенцияның Тарапына айналғаннан кейінгі алты ай ішінде I және II қосымшаларда көрсетілгеннен өзге, өзінің ұлттық заңдарына немесе осындай қалдықтарға қолданылатын трансшекаралық тасымалға қатысты кез келген талаптарға сәйкес қауіпті деп қарастырылатын немесе белгіленетін қалдықтар туралы Конвенция хатшылығын хабарландырады.

2. Әрбір Тарап 1-тармақты орындау үшін ұсынылған ақпараттағы кез келген елеулі өзгерістер туралы Хатшылықты кейіннен хабарландырып отырады.

3. Хатшылық 1 және 2-тармақтарға сәйкес өздері алған хабарламаны барлық Тараптарға дереу жібереді.

4. Тараптар 3-тармаққа сәйкес өздеріне Хатшылық жіберген хабарламаның өздерінің сарапшыларының назарына жеткізілуі үшін жауап береді.

4-бап

Жалпы міндеттемелер

1. а) Тараптар қауіпті және басқа да қалдықтардың импортына өздерінің тыйым салу құқығын жүзеге асыра отырып, аулаққа шығару мақсатында 13-бапқа сәйкес өздерінің шешімі туралы басқа Тараптарды хабардар етеді;

б) Тараптар, егер олар бұл туралы жоғарыдағы а) тармақшасына сәйкес хабар алған болса, осындай қалдықтардың импортына тыйым салған Тараптар бағытына қауіпті және басқа да қалдықтардың экспортына тыйым салады немесе рұқсат бермейді;

с) қауіпті және басқа да қалдықтардың импортына тыйым салмаған импорт мемлекетіне қатысты Тараптар, егер импорт мемлекеті нақты импорттық түсіруге жазбаша нысанда келісім бермесе, қауіпті және басқа да қалдықтардың экспортына тыйым салады немесе рұқсат бермейді.

2. Әрбір Тарап:

а) әлеуметтік, техникалық және экономикалық аспектілерді ескере отырып, өздерінің шегінде қауіпті және басқа да қалдықтарды өндіруді ең төмен шекке дейін апаруды қамтамасыз етуге;

б) қауіпті және басқа да қалдықтарды, оларды аулаққа шығарған орнына қарамастан экологиялық негізделген пайдалану үшін аулаққа шығару жөніндегі тиісті объектілердің болуын қамтамасыз етуге. Бұл объектілер, мүмкіндігіне қарай, оның аумағында болуға тиіс;

с) қауіпті және басқа да қалдықтарды өзінің шектерінде пайдалануға қатысушы

тұлғаның осындай айналым нәтижесінде қауіпті және басқа да қалдықтардың ластануын болдырмау үшін және егер осындай ластану дегенмен де бола қалса, адам денсаулығы мен қоршаған ортаға оның зардаптарын ең төмен шекке дейін апаруы үшін қажетті шаралар қабылдауын қамтамасыз етуге;

d) қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды осындай қалдықтарды экологиялық негізделген және тиімді пайдалануға сәйкес келетін ең төменгі шекке дейін апаруды қамтамасыз етіп, адам денсаулығы мен қоршаған ортаның осындай тасымалдау әкеп соқтыратын теріс зардаптардан аулақ болуын осындай түрде жүзеге асыруға;

e) экономикалық және/немесе саяси интеграция жөніндегі ұйымдарға қатысты Тараптар болып табылатын мемлекеттерге немесе мемлекеттік топқа, атап айтқанда өздерінің заңдары шегінде бүкіл импортқа тыйым салса, не егер оларда бұл қалдықтарды пайдалануға негіз бар деп санаса, Тараптар өздерінің алғашқы кеңесінде белгілеп алатын критерийлерге сәйкес экологиялық негізделген түрде жүзеге асырылмайтын болса, дамушы елдерге қауіпті және басқа да қалдықтардың экспортына рұқсат бермеуге;

f) V A қосымшасына сәйкес, адам денсаулығы мен қоршаған орта үшін ұсынылатын тасымалдың зардаптарын айқын көрсететін, қауіпті және басқа қалдықтарды ұсынылатын трансшекаралық тасымалдауға қатысты мүдделі мемлекеттерге хабарлама беруді талап етуге;

g) егер бұл қалдықтарды пайдалану экологиялық негізделген түрде жүзеге асырылмайды деп санауға негіз болса, қауіпті және басқа да қалдықтар импортына жол бермеуге;

h) басқа Тараптармен және мүдделі ұйымдармен тікелей немесе Хатшылық арқылы шаралар қабылдауда, оның ішінде қауіпті және басқа да қалдықтарды тасымалдау туралы мұндай қалдықтарды экологиялық негізделген пайдалануды жетілдіру және олардың заңсыз айналымының алдын алу мақсатында хабарлама таратуда ынтымақтасуға тиісті шараларды қабылдайды.

3. Тараптар қауіпті және басқа да қалдықтардың заңсыз айналымын қылмыстық әрекет деп есептейді.

4. Әрбір Тарап Конвенцияға қайшы тәртіпті болдырмау мақсатындағы және ол үшін жазалауды қоса алғанда, осы Конвенцияның ережелерін орындау және сақтау үшін тиісті құқықтық, әкімшілік және басқа да шараларды қолданады.

5. Тараптар Тараптар болып табылмайтын мемлекетке қауіпті немесе басқа да қалдықтардың экспортына немесе Тараптар болып табылмайтын мемлекеттен импортқа рұқсат бермейді.

6. Тараптар қауіпті және басқа да қалдықтарды, мұндай қалдықтардың трансшекаралық тасымалдау объектісі болып табылатынына немесе болмауына карамастан, оңтүстік ендіктен 60 градус оңтүстік аудан шегінде аулаққа шығару үшін

экспортқа жол бермеуге уағдаласады.

7. Сонымен бірге, әрбір Тарап:

а) өзінің ұлттық юрисдикциясындағы барлық тұлғаларға, егер бұл тұлғалар мұндай операцияларды жүргізуге рұқсат немесе келісім алмаған болса, қауіпті және басқа да қалдықтарды тасымалдауға немесе аулаққа шығаруға тыйым салады;

б) байлап-тану таңбалау және тасымалдау саласындағы жалпыға бірдей қабылданған және жалпыға бірдей танылған халықаралық ережелер мен нормаларға сәйкес трансшекаралық тасымал объектісі болып табылатын қауіпті немесе басқа да қалдықтарды байлап-таңуды, таңбалауды және тасымалдауды және халықаралық танылған практиканың ескерілуін талап етеді;

с) трансшекаралық тасымалдау басталатын пункттен аулаққа шығаратын орынға дейін қауіпті қалдықтарды тасымалдау туралы құжаттың қауіпті және басқа да қалдықтармен бірге жүруін талап етеді.

8. Әрбір Тарап экспортталатын қауіпті және басқа да қалдықтардың импорт мемлекетінде немесе басқа мемлекеттерде экологиялық негізделген пайдаланылуын талап етеді. Осы Конвенцияға тура келетін қалдықтарды экологиялық негізделген пайдалануға қатысты техникалық сипаттағы жетекшілікке алатын принциптерді Тараптар өздерінің бірінші кеңесінде белгілейтін болады.

9. Тараптар қауіпті және басқа да қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды шешуді қамтамасыз ету үшін:

а) экспорт мемлекетінің экологиялық негізделген және тиімді түрде мұндай қалдықтарды аулаққа шығару үшін техникалық мүмкіндіктері мен қажетті объектілері, қуаттары немесе ыңғайлы жерлері болмаса; немесе

б) мұндай қалдықтар импорт мемлекетіне қайта ұсақтау немесе қайта пайдалану жөніндегі кәсіпорындар үшін шикізат ретінде қажет болса; немесе

с) мұндай трансшекаралық тасымал Тараптар белгіленген өзге критерийлерге, мұндай критерийлер осы Конвенцияның мақсаттарына қайшы келмейтін жағдайда жауап беретін болса, тиісті шараларды қабылдайды.

10. Қауіпті және басқа да қалдықтар өндірілетін мемлекеттердің міндеттемелері осы қалдықтардың экологиялық негізделген түрде пайдаланылып, қандай бір жағдайларда да импорт немесе транзит мемлекетіне өтіп кетпеуін осы Конвенция шеңберінде талап ету.

11. Осы Конвенция ережелеріне және адам денсаулығы мен қоршаған ортаны қорғауды жақсарту мақсатында халықаралық құқықтың нормаларына жауап беретін қосымша талаптарды Тараптың белгілеуіне осы Конвенцияда ешбір кедергі келтірмейді.

12. Осы Конвенция мемлекеттің халықаралық құқыққа сәйкес белгіленген өзінің аумақтық теңізіне егемендігіне, халықаралық құқыққа сәйкес мемлекеттердің өздерінің экономикалық аймақтары мен өздерінің континенттік шельфіне ерекше иелікте

болуына ештеңе ешқандай түрде нұқсан келтірмейді, сондай-ақ барлық мемлекеттердің теңіз және әуе кемелерінің олар халықаралық құқықта көзделген және тиісті халықаралық құжаттарда көрсетілген түрдегі навигация құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға кедергі келтірмейді.

13. Тараптар, басқа мемлекеттерге, атап айтқанда, дамушы елдерге экспортталатын қауіпті және басқа да қалдықтардың көлемін және/немесе ластау қабілетін қысқартудың мүмкіндіктеріне оқтын-оқтын шолу жасап отыруға міндетті.

5-бап

Құзыретті органдарды және бөлінген орталықты тағайындау

Осы Конвенцияны жүзеге асыруға жәрдемдесу үшін Тараптар:

1) бір немесе бірнеше құзыретті органдарды және бір бөлінген орталықты тағайындайды немесе бекітеді. Бір құзыретті орган транзит мемлекеті жағдайында х а б а р а л у ү ш і н т а ғ а й ы н д а л а д ы ;

2) осы Конвенция олар үшін күшіне енгеннен кейінгі үш ай ішінде өздері бөліп тағайындаған орталықты құру және өздерінің құзыретті органдары туралы х а т ш ы л ы қ т ы х а б а р л а н д ы р а д ы ;

3) өздері жоғарыдағы 2-тармаққа сәйкес жүргізген тағайындауларға қатысты кез келген өзгерістер туралы шешім қабылдағаннан кейінгі бір ай ішінде хатшылықты хабарландырады.

6-бап

Тараптар арасындағы трансшекаралық тасымал

1. Экспорт мемлекеті өндірушіден немесе экспорттаушыдан экспорт мемлекеттің құзыретті органдары арқылы мүдделі мемлекеттердің құзыретті органдарын қауіпті және басқа да қалдықтардың кез келген көзделетін трансшекаралық тасымалы туралы жазбаша түрде хабарлайды немесе хабарлауды талап етеді. Мұндай хабарларда импорт мемлекеті үшін қолданылатын тілде VA қосымшада көзделген өтініштер мен хабарлама болуға тиіс. Әрбір мүдделі мемлекетке бір хабарландыру жіберу жеткілікті.

2. Импорт мемлекеті хабарлаушыға белгілі бір жағдайда тасымалға келісімі немесе оларсыз, тасымалға рұқсат беруден бас тарту немесе қосымша хабарлама беруіне сұрау салу бар хабарландыру алғандығы туралы жазбаша нысанда жауап жолдайды.

3. Экспорт мемлекеті өндірушіге немесе экспорттаушыға трансшекаралық т а с ы м а л д а у д ы б а с т а у ғ а м ы н а л а р ғ а :

a) хабарлаушы импорт мемлекетіне жазбаша түрде келісім алғанына;

b) хабарландырушы импорт мемлекетінен экспорттаушы мен қалдықтарды аулаққа шығаруға жауапты тұлғаның арасында осы қалдықтарды экологиялық негізделген пайдалану сөз болған келісім-шарттың бар екендігінің фактісін растау алғанына

жазбаша растау алғанға дейін рұқсат бермейді.

4. Тараптар болып табылатын әрбір транзит мемлекеті хабарлаушыға хабарды алғанын дереу хабарлайды. Содан кейін ол хабарлаушыға тасымалдауға бірқатар шарттармен немесе онсыз келісу, тасымалдауға рұқсат беруден бас тарту немесе қосымша ақпараттар ұсынуға сұрау салу мазмұндалған жазбаша жауапты 60 күннің ішінде жібере алады. Экспорт мемлекеті транзит мемлекетінің жазбаша келісімін алмайынша, трансшекаралық тасымалдауды бастауға рұқсат етпейді. Алайда, егер Тараптар қауіпті немесе басқа қалдықтарды трансшекаралық транзиттік тасымалдауға қатысты кез-келген уақытта толықтай немесе белгілі бір жағдайларда жазбаша нысандағы келісуді алдын ала талап етпеуге шешім қабылдаса, не осыған қатысты талабын өзгертсе, ол 13-бапқа сәйкес өзінің шешімі туралы басқа Тараптарға дереу хабарлайды. Бұл соңғы жағдайда егер транзит мемлекеті осы хабарлауды алғаннан кейін 60 күн ішінде экспорт мемлекеті жауап алмаса, онда экспорт мемлекеті транзит мемлекеті арқылы экспортты бастауға рұқсат бере алады.

5. Қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау жағдайында, осы қалдықтар мынадай жағдайда ғана заң негізінде қауіпті қалдықтар ретінде айқындалады немесе қ а р а с т ы р ы л а д ы :

а) экспорт мемлекеті, импорттаушыға немесе аулаққа шығаруға жауап беруші адамға осы баптың 9-тармағымен қолданатын талаптар, және импорт мемлекетіне тиісінше экспорттаушыға және экспорт мемлекеттеріне *mutatis mutandis* қолданылады;

б) Тараптар болып табылатын импорт мемлекеті немесе импорт және транзит мемлекеттері, экспорттаушыға және экспорт мемлекетіне қолданатын осы баптың 1, 3, 4 және 6-тармақтарының талаптары, тиісінше импорттаушыға немесе аулаққа шығаруға жауапты адамға және мемлекетіне импорт мемлекетіне *mutatis mutandis* қ о л д а н ы л а д ы ;

н е м е с е

с) Тарап болып табылатын кез-келген транзит мемлекетіне 4-тармақтың ережесі ғ а н а қ о л д а н ы л а д ы .

6. Экспорт мемлекеті, мүдделі мемлекеттердің жазбаша түрдегі келісім шартымен өндірушіге немесе экспорттаушыға физикалық және химиялық ерекшеліктері бірдей қауіпті немесе басқа қалдықтарды аулаққа шығаруға жауап беретін бір тұлға экспорт мемлекеті аулаққа шығаратын бір кедендік пункттер арқылы және импорт мемлекеті әкелетін бір кедендік пункттер арқылы, ал транзит жағдайында, транзит мемлекеттің немесе мемлекеттердің әкелу және әкету пункттері арқылы жүйелі түрде тиеу жағдайындағы жалпы хабарламаны пайдалануына рұқсат ете алады.

7. Мүдделі мемлекеттер тиеуге жататын қауіпті немесе басқа қалдықтардың дәл саны немесе кезеңдік тізімі тәрізді белгілі бір ақпарат ұсыну жағдайында, 6-тармақта айтылғандай жалпы хабарлама ресімін пайдалануға жазбаша түрде келісім беруі м ү м к і н .

8. 6 және 7-тармақтарда айтылған жалпы хабарлама мен жазбаша түрдегі келісім

қауіпті немесе басқа қалдықтардың 12 ай мерзім ішіндегі көп еселенген тиелімін
қ а м т у ы м ү м к і н .

9. Тараптар қауіпті немесе басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауды мойнына алған әрбір адамның тасымалдау туралы құжатқа, не оларды жеткізген кезде, не осы қалдықтарды алған кезде қол қоюын талап етеді. Олар сондай-ақ қалдықтарды аулаққа шығаруға жауап беретін адамның экспорттаушыны да, сонымен бірге экспорт мемлекетінің құзыретті органын да өздерінің осындай қалдықтарды алғаны туралы және аулаққа шығаруды хабарламада көрсетілгендей дер кезінде аяқтағаны туралы хабарлауын талап етеді. Егер экспорт мемлекеті мұндай ақпарат алмаса, экспорт мемлекетінің құзыретті органы немесе экспорттаушы бұл туралы импорт мемлекетіне х а б а р л а й д ы .

10. Осы бапқа сәйкес талап етілетін хабарлама және оған берілетін жауап мүдделі Тараптардың құзыретті органдарына немесе Тараптар болып табылмайтын мемлекеттердің тиісті үкімет органына жолданады.

11. Қауіпті немесе басқа қалдықтардың кез-келген трансшекаралық тасымалы Тарап болып табылатын импорт мемлекетінің немесе транзит мемлекетінің талабы бойынша кепілмен немесе өзге кепілдікпен сақтандырылады.

7-бап

Тарап болып табылатын мемлекеттен Тараптар болып табылмайтын мемлекеттер арқылы трансшекаралық тасымалдау

Конвенцияның 6-бабының, 1-тармағы қауіпті немесе басқа қалдықтарды Тарап болып табылатын мемлекеттен Тараптар болып табылмайтын мемлекеттер арқылы трансшекаралық тасымалдауға *mutatis mutangis* қолданылады.

8-бап

Қайта импорттауды жүзеге асыру міндеті

Осы Конвенция ережелеріне сәйкес қауіпті басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға мүдделі мемлекеттер берген келісім келісім-шарттың талабына сәйкес аяқталмайтын болса, егер импорт мемлекеті экспорт мемлекетіне және хатшылыққа хабарлаған сәттен бастап 90 күн ішінде экологиялық жағынан негізделген қалдықтарды аулаққа шығару өзге мүмкіндігі табылмаса, немесе осындай кезеңнің ішінде мүдделі мемлекеттер уағдаласа алмаса, экспорт мемлекеті бұл қалдықтарды экспорттаушының экспорт мемлекетіне қайтаруын қамтамасыз етеді. Транзит мемлекеті болып табылатын

экспорт мемлекеті және кез-келген Тарап осы мақсатпен бұл қалдықтардың экспорт мемлекетіне қайта оралуына қарсылық білдірмейді, тосқауыл қоймайды немесе кедергі келтірмейді.

9-бап

Заңсыз айналым

1. Осы Конвенция мақсаттары үшін қауіпті немесе басқа қалдықтарды:
а) осы Конвенция ережелеріне сәйкес барлық мүдделі мемлекеттерді хабардар е т п е й , н е м е с е
б) осы Конвенция ережелеріне сәйкес мүдделі мемлекеттердің келісімінсіз;
с) мүдделі мемлекеттерден бұрмалау, адастыру немесе алдау жолымен алынған к е л і с і м д е р , н е м е с е

d) құжаттарға едәуір сай келмейтін, немесе
е) қауіпті немесе басқа қалдықтарды аулаққа шығару (мәселен тастау) осы Конвенцияны және халықаралық құқықтың жалпы принциптерін бұзуға әкеп соғатын кез-келген трансшекаралық тасымалдау заңсыз айналым деп есептеледі.

2. Заңсыз айналым санатына жататын қауіпті немесе басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау жағдайында экспорттаушының немесе өндірушінің тәртібі негізінде экспорт мемлекеті бұл қалдықтардың:

а) экспорттаушының немесе өндірушінің не қажет болса экспорт мемлекетінің өз аумағына кері қайтаруын немесе егер бұл практикалық тұрғыдан мақсатты болмаса к е р і қ а й т а р ы л у ы н ,

б) экспорт мемлекеті заңсыз айналым туралы хабардар етілгеннен кейін 30 күн ішінде, не осындай өзге кезең ішінде мүдделі мемлекеттердің уағдаласу мүмкіндігі туралы осы Конвенция ережелеріне сәйкес өзге тәсілмен аулаққа шығаруды қамтамасыз етеді. Осы мақсатпен мүдделі Тараптар бұл қалдықтардың экспорт мемлекетіне қайта оралуына қарсы болмайды және тосқауыл қоймайды немесе кедергі к е л т і р м е й д і .

3. Аулаққа шығаруға жауап беруші импортшының немесе орындаушының тәртібі негізінде заңсыз айналым санатына жататын қауіпті немесе басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау жағдайында импорт мемлекеті аулаққа шығаруға жауап беруші импортшы немесе тұлға арқылы бұл қалдықтардың аулаққа шығарылуын қамтамасыз етеді, не қажетті жағдайда импорт мемлекетінің өзі заңсыз айналыс туралы ақпаратты импорт мемлекеті алғаннан кейінгі 30 күннің ішінде, не осындай уақыт кезеңі ішінде мүдделі мемлекеттер бұл туралы уағдаласуына болады. Мүдделі Тараптар осы мақсатпен қажет болған жағдайда экологиялық негіздемеде қалдықтарды аулаққа ш ы ғ а р у ғ а ы н т ы м а қ т а с а д ы .

4. Заңсыз айналыс үшін жауапкершілік экспорттауға немесе өндірушіге, не

импортшыға немесе аулаққа шығару үшін жауапты тұлғаға жүктелуі мүмкін болмаған жағдайда мүдделі Тараптар немесе қажетіне қарай басқа Тараптар бұл қалдықтарды экологиялық негіздемеде шұғыл аулақтатуға ынтымақтастық негізінде тиісінше экспорт мемлекетінде, импорт мемлекетінде, не өзге орында қамтамасыз етеді.

5. Тараптардың әрқайсысы заңсыз айналысты болдырмау мақсатында және ол үшін жазалауға тиісті ұлттың ішкі заңдарын қабылдайды, Тараптар осы баптың мақсатқа жетуі жолында өзара ынтымақтасады.

10-бап

Халықаралық ынтымақтастық

1. Тараптар қауіпті және басқа қалдықтарды экологиялық жағынан негіздеп пайдалануды жақсарту және табысқа жету мақсатында өзара ынтымақтасады.

2. Тараптар осы мақсаттар үшін:

а) екі жақты немесе көп жақты негіздегі өтініштердің түсуі барысында қолда бар ақпаратты, қауіпті және басқа да қалдықтарды экологиялық жағынан негіздеп пайдалануға жәрдемдесу ниетімен береді, сонымен қатар қауіпті және басқа қалдықтарды тиісінше пайдаланудың техникалық нормаларын және практикасын бірізгі салады;

б) қауіпті қалдықтарды пайдаланудың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зардабының мониторингі саласына да ынтымақтасады;

с) қауіпті және басқа қалдықтардың өндірісін мүмкіндігінше жою мақсатымен өзінің ұлттық заңдарына, ережелеріне және саясатына сәйкес қолданыстағы жаңа, экологиялық жағынан негізделген, аз қалдықты технологияны әзірлеу қолдануда, қолдағы технологияны жетілдіруде және осы қалдықтарды пайдаланудың экологиялық жағынан негізделген неғұрлым тиімді және пәрменді әдістерін жасауда, оның ішінде осындай жаңа немесе жетілдірілген технологияны енгізудің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салдарын зерттеуде ынтымақтасады;

д) қауіпті және басқа қалдықтарды экологиялық жағынан негіздеп пайдалануға байланысты технологиялар мен үрдістерді берудегі өздерінің ұлттық заңдарына, ережелеріне және саясатына сәйкес белсенді ынтымақтасады, сондай-ақ олар Тараптардың техникалық әлеуетін кеңейтуге, олардың ішінен осы саладағы техникалық көмектерді қажет ететіндеріне және ол туралы көмек сұрағандарға ынтымақтастық білдіреді;

е) тиісті техникалық басшылық принциптермен және/немесе тәртіп кодекстермен ынтымақтасады.

3. Тараптар ынтымақтасу мақсатымен IV-баптың 2-тармағының а), б), с) және d)-тармақшаларының орындалуы үшін дамушы елдерге көмек көрсетудің қажетті шараларын қабылдайды.

4. Дамушы елдердің сұранымын ескере отырып жұртшылық проблемаларына *inter alia* көмек көрсету, қауіпті және басқа қалдықтарды экологиялық жағынан негіздеп пайдалануды кеңейту және аз қалдықты жаңа технологияны енгізу мақсатымен Тараптардың және халықаралық құзыретті ұйымдардың арасындағы ынтымақтасты көтермелейді.

11-бап

Екі жақты, көп жақты және аймақтық келісімдер

1. 5-баптың 4-тармағының ережелеріне қарамастан Тараптар қауіпті немесе басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауда Тараптар болып табылмайтын Тараптармен немесе мемлекеттермен мынадай жағдайларда, яғни мұндай келісімдер немесе уағдаласулар осы Конвенцияда көзделген қауіпті немесе басқа қалдықтарды экологиялық жағынан негіздеп пайдалану талабын қалыс қалдырмаса екі жақты, көп жақты немесе аймақтық келісімдерді жасай алады. Бұл келісімдердің немесе уағдаласулар ережесі экологиялық жағынан негіздеп пайдалануға қатысты, атап айтқанда дамушы елдердің мүдделерін ескеру, осы Конвенцияда көзделген талаптардан к е м б о л м а у ғ а т и і с .

2. Тараптар 1-тармақта айтылғандай, кез-келген екі жақты, көп жақты немесе аймақтық келісімдер немесе уағдаластықтар туралы және қауіпті және басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға бақылау жасау мақсатымен осы Конвенция олар үшін күшіне енгенге дейінгі жасасқандары туралы хатшылыққа хабарлайды, мұндай келісімдер тек қана Тараптар арасында жүзеге асырылады. Мұндай келісімдер осы Конвенцияда көзделген қауіпті немесе басқа қалдықтарды экологиялық жағынан негіздеп пайдалану талабына қайшы келмеген жағдайларда, осы Конвенцияның ережелері осындай келісімге сәйкес жүзеге асырылатын трансшекаралық тасымалды қозғамайды.

12-бап

Жауапкершілік туралы консультациялар

Тараптар қауіпті және басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау нәтижесінде келтірілген залал үшін жауапкершілік пен өтем саласында тиісті ережелер мен рәсімдер қамтылған хаттаманы мүмкін болғанынша тездетіп қабылдау мақсатында ынтымақтасады.

13-бап

Ақпарат беру

1. Басқа мемлекеттер адамдарының денсаулығына және қоршаған ортасына қауіп төндіруі мүмкін қауіпті немесе басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау не оларды аулаққа шығару кезінде авария болған жағдайда мәлімет алған Тараптар ол туралы мемлекеттерге дереу хабарлануын қамтамасыз етеді.

2. Тараптар бір біріне хатшылық арқылы:

а) 5-бапқа сәйкес құзыретті органдарды тағайындауға және/немесе бөлінген орталықтарға қатысты өзгерістер туралы;

б) 3-бапқа сәйкес қауіпті қалдықтарды өзінің ұлттық белгілеріне өзгерістер туралы х а б а р л а й д ы ;

және мүмкіндігінше неғұрлым қысқа мерзімде:

с) өздерінің юрисдикциясында тұрған ұлттық аудандағы аулаққа шығарылуға тиіс қауіпті немесе басқа қалдықтардың импортымен толық немесе ішінара келіспейтіндіктері туралы өздері қабылдаған шешімдер туралы;

д) қауіпті немесе басқа қалдықтардың экспортын шектеу және/немесе оған тыйым салу мақсатында өздері қабылдаған шешімдер туралы;

е) осы баптың 4-тармағына сәйкес қажетті кез келген ақпарат туралы хабарлайды.

3. Тараптар ұлттық заңдарға және ережелерге сәйкес хатшылық арқылы 15-баптың негізінде құрылған Тараптар Конференциясына әрбір күнтізбелік жылдың аяғына дейін алдыңғы күнтізбелік жылдың баяндамасын, атап айтқанда:

а) 5-бапқа сәйкес өздері тағайындаған құзыретті органдар мен бөлінген орталықтар т у р а л ы а қ п а р а т т ы ;

б) өздері қатысқан қауіпті және басқа қалдықтарды кез келген трансшекаралық тасымал туралы ақпаратты, оның ішінде:

i) хабарламаға жауапта көрсетілген экспортталған қауіпті және басқа қалдықтардың көлемі, олардың санаттары, қасиеттері, баратын жері, транзит мемлекеті және аулаққа шығару әдісі туралы ;

ii) импортталған қауіпті және басқа қалдықтардың көлемі, олардың санаттары, қасиеттері, шығу тегі және аулаққа шығару әдісі туралы;

iii) жүзеге асырылуы күткендегідей болмаған аулаққа шығару жөніндегі о п е р а ц и я л а р т у р а л ы ;

iv) трансшекаралық тасымалдауға жататын қауіпті және басқа қалдықтардың көлемін қысқарту мақсатына күш салу туралы;

с) осы Конвенцияны орындау үшін өздері қабылдаған шаралар жөніндегі ақпарат т у р а л ы ;

д) қауіпті және басқа қалдықтарды өндірудің, тасымалдаудың және аулаққа шығарудың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы өздері жинаған сенімді статистикалық деректер жөніндегі ақпарат туралы;

е) осы Конвенцияның 12-бабына сәйкес жасалған екі жақты, көп жақты және аймақтық келісімдер мен шарттарға қатысты ақпарат туралы;

f) қауіпті және басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау мен аулаққа шығару кезінде болған апаттар жөнінде және олардың зардаптарын жою үшін қабылданған шаралар жөніндегі ақпарат туралы;

g) өздерінің ұлттық юрисдикциясында тұрған ауданда пайдаланылатын аулаққа шығарудың мүмкін болатын жолдары жөніндегі ақпарат туралы;

h) қауіпті және басқа қалдықтар өндірісін азайтуға және/немесе жоюға арналған технологияларды әзірлеу үшін қабылданған шаралар жөніндегі ақпарат туралы, және

i) Тараптар Конференциясы орынды деп санайтын өзге де мәселелер туралы х а б а р л а й д ы .

4. Тараптар ұлттық заңдар мен ережелерге сәйкес, қауіпті немесе басқа қалдықтарды осы трансшекаралық тасымалдаудың кез келген деректеріне қатысты әрбір хабарламаның және оған берілген жауаптың көшірмесін хатшылыққа жіберуді, егер бұл туралы мұндай трансшекаралық тасымалдау салдарынан қоршаған ортасы зардап шегетін Тарап сұраса, қамтамасыз етеді.

14-бап

Қаржылық аспектілер

1. Тараптар әртүрлі аймақтар мен ішкі аймақтардың нақты қажетіне қарай кадрлар даярлау мен қауіпті және басқа қалдықтарды ұтымды пайдалануға қатысты технологияларды және оларды барынша аз өндіру мәліметтерін беру жөнінде аймақтық және аймақшілік орталықтар құруға келіседі. Тараптар ерікті негізде қаржыландырудың тиісті механизмдерін құру туралы шешім қабылдайды.

2. Тараптар қауіпті және басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдау немесе оларды аулаққа шығару нәтижесінде болған апаттардан келген зиянды азайту мақсатында төтенше жағдайлар кезінде уақытша негізде көмек көрсету үшін айналым қорын құру туралы мәселе қарайды.

15-бап

Тараптар Конференциясы

1. Осымен Тараптар Конференциясы құрылады. Тараптар Конференциясының бірінші кеңесін ЮНЕП-тің атқарушы директоры осы Конвенция күшіне енгеннен кейін бір жылдан кешіктірілмей шақырады. Бұдан әрі Тараптар Конференциясының кезекті кеңестері Конференция өзінің бірінші кеңесінде белгілеген кезеңділікпен шақырылады.

2. Тараптар Конференциясының кезектен тыс кеңесі Конференция мұны қажет деп санағанда, немесе Тараптардың біреуінің жазбаша өтініші бойынша, өтініш олардың мекен-жайына хатшылық арқылы жіберілгеннен кейін алты ай ішінде бұл өтінішті Тараптардың кем дегенде үштен бірі қолдаған жағдайда шақырылады.

3. Тараптар Конференциясы өздерінің де, сол сияқты ол құра алатын кез келген қосалқы органдардың да рәсім ережесін, сондай-ақ осы Конвенция шеңберінде Тараптардың қаржылық қатысуын айқындау мақсатында қаржы ережесін консенсуспен келіседі және қабылдайды.

4. Тараптар өзінің бірінші кеңесінде осы Конвенцияның контексіндегі теңіз ортасын қорғауға және сақтауға қатысты өздерінің міндеттемелерін орындауда өздеріне көмек болатын кез келген қосымша шараларды қарайды.

5. Тараптар Конференциясы осы Конвенцияның тиімді орындалуын тұрақты түрде қадағалап отырады, және бұдан басқа:

а) қауіпті және басқа қалдықтардың адамдардың денсаулығына және қоршаған ортаға келтірген залалын барынша азайту мақсатындағы тиісті саясатпен, стратегиямен және шаралармен келісуге жәрдемдеседі;

б) қажет болған жағдайда, осы Конвенцияға және оның қосымшаларына, қолда бар *inter alia* ғылыми, техникалық, экономикалық және экологиялық ақпаратты ескере отырып, түзету енгізуді қарастырады;

с) осы Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізу үшін талап етілуі мүмкін кез келген қосымша шараларды, оны орындау барысында жинақталған тәжірибе жүзінде, сондай-ақ 11-бапта көзделген келісімдер мен шарттарды орындау кезінде қарап, қабылдайды;

д) қажет болған жағдайда хаттамаларды қарап, қабылдайды; және

е) осы Конвенцияны орындауға қажетті деп саналатын осындай қосалқы органдарды құрады.

6. Біріккен Ұлттар Ұйымы, оның мамандандырылған мекемелері, осы Конвенцияның Тарабы болып табылмайтын кез келген мемлекет Тараптар Конференциясының кеңестеріне байқаушы ретінде ұсынылуы мүмкін. Қауіпті немесе басқа қалдықтарға қатысты салаларда құзыретке ие, Тараптар Конференциясының Кеңестеріне байқаушы ретінде ұсынылсам деген өзінің ниеті туралы хатшылықты хабардар еткен кез келген басқа органдар, ұлттық немесе халықаралық, үкіметтік немесе облыстарда құзыретке ие үкіметтік емес мекемелер оған қатысуға, егер қатысушы Тараптардың кем дегенде үштен бірі бұған қарсылық білдірмесе, жіберілуі мүмкін. Байқаушылардың қатысуға жіберілуі Тараптар Конференциясында қабылданатын рәсімдердің ережелерімен реттеледі.

7. Тараптар Конференциясы осы Конвенция күшіне енгеннен кейін үш жылдан соң, одан кейін алты жылда бір реттен сиретпей оның тиімділігіне баға береді, егер қажет деп санаса, қауіпті және басқа қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауға соңғы ғылыми, экологиялық және экономикалық ақпаратты ескере отырып, толық немесе ішінара тыйым салуды белгілеу мүмкіндігін қарайды.

16-бап

Хатшылық

1. Хатшылыққа мынадай міндеттер жүктеледі:

a) кеңестерді, 15 және 17-баптарда көзделгендей ұйымдастыру мен оған қызмет көрсету ;

b) 3, 4, 6, 11 және 13-баптарға сәйкес алынған ақпаратқа және 15-бапқа сәйкес құрылған қосалқы органдар кеңестерінен алынған ақпаратқа, сондай-ақ, егер бұл қолданылса, тиісті үкіметаралық және үкіметтік емес мекемелер ұсынған ақпаратқа негізделген баяндамаларды әзірлеу және беру;

c) осы Конвенцияға сәйкес өзінің міндеттерін орындау жөнінде хатшылықтың қызметі туралы баяндамалар әзірлеу және оларды Тараптар Конференциясына ұсыну;

d) тиісті халықаралық органдармен қызметті қажетті түрде үйлестіруді қамтамасыз ету, атап айтқанда, міндеттерін тиімді орындауға қажет болатын әкімшілік және келісім шарттарын жасасу ;

e) осы Конвенцияның 5-бабына сәйкес Тараптар құрған бөлінген орталықтар мен құзыретті органдарға байланысты қолдау көрсету;

f) қауіпті қалдықтарды, басқа қалдықтарды аулаққа шығару үшін пайдаланылатын Тараптардың бекітілген ұлттық органдары мен объектілеріне қатысты ақпарат жинау және осы ақпаратты Тараптар арасында тарату;

g) Тараптардан ақпарат алу және оларға:

- техникалық жәрдемдесу және кадрлар даярлау көздеріне;

- қолда бар ғылыми-техникалық білім және тәжірибеге;

- консультациялық жәрдемдесу және сараптау көздеріне; және

- оларға өтініштері бойынша жәрдемдесу мақсатында мынадай салаларда ресурстардың болуына ;

- осы Конвенция шеңберінде хабарлама жүйелерін қолдануға;

- қауіпті және басқа қалдықтарды ұтымды пайдалануға;

- қауіпті және басқа қалдықтарға байланысты экологиялық жағынан негізделген қалдығы аз, қалдықсыз технологиялар енгізуге;

- мүмкіндіктерді бағалауға және аулаққа шығару орнына;

- қауіпті және басқа қалдықтардың мониторингіне; және

- төтенше жағдайларда шаралар қабылдауға қатысты ақпарат жіберу;

h) Тараптарды өздерінің өтініштері бойынша осы салада қажетті техникалық құзыретке ие консультанттармен және консультативтік фирмалармен қамтамасыз ету, олар Тараптарға трансшекаралық тасымалдау туралы хабарламаны және қауіпті немесе басқа қалдықтарды болжамды тиеудің алынған хабарламаға және/немесе қауіпті қалдықтар аулаққа шығарылатын болжамды объектілердің аталған қалдықтар экологиялық жағынан негізді сипатқа ие деген фактіге сәйкестігі туралы мәселені

қарауға жәрдем көрсете алады. Кез келген мұндай мәселелерді қарау хатшылықтың есебінен тымсыз жүргізіледі;

і) Тараптарға өздерінің өтініші бойынша заңсыз айналым жағдайын анықтауға және мүдделі Тараптар арасында заңсыз айналымға қатысты хатшылық алған кез келген ақпараттың дереу таратылуына көмек көрсету;

ж) Тараптармен, тиісті және құзыретті халықаралық ұйымдармен және мекемелермен төтенше жағдайлар пайда болған кезде мемлекеттерге жедел көмек көрсету мақсатында сарапшылар мен жабдықтар беру жөнінде ынтымақтасу; және

к) Тараптар Конференциясы айқындауы мүмкін, осы Конвенция мақсаттарына байланысты осындай басқа міндеттерді орындау.

2. Хатшылық міндеті Біріккен Ұлттар Ұйымының Қоршаған орта жөніндегі Бағдарламасы 15-бапты орындау үшін шақырылған Тараптар Конференциясының бірінші кеңесі аяқталғанға дейін уақытша орындайды.

3. Тараптар Конференциясы өзінің бірінші кеңесінде хатшылықтың міндетін осы Конвенцияға сәйкес орындау әзірлігін танытқан жұмыс істеп тұрған құзыретті үкіметаралық ұйымдардың қатарынан хатшылықты құрады. Осы кеңесте Тараптар Конференциясы, өздеріне жүктелген міндеттерді, атап айтқанда, 1-тармақ шеңберінде жүктелген міндеттерді уақытша хатшылықтың жүзеге асыруы барысына баға береді және осы міндеттердің механизмдерін орындауға қажетті шешім қабылдайды.

17-бап

Конвенцияны түзету

1. Тараптардың кез келгені осы Конвенцияға түзетуді ұсына алады және қандай да бір хаттаманың кез келген Тарабы осы хаттамаға түзету ұсына алады. Мұндай түзетулерде тиісті ғылыми-техникалық ұғым *inter alia* тиісті дәрежеде ескеріледі.

2. Осы Конвенция түзетулері Тарап Конференциясының кеңесінде қабылданады. Кез келген хаттама түзетулері тиісті хаттама Тарабының кеңесінде қабылданады. Осы Конвенцияға және кез келген хаттамаға, егер бұл хаттамада өзгедей нәрсе көзделмесе, ұсынылған кез келген түзетулер мәтінін хатшылық Тараптарға оны қабылдау ұсынылған кеңес өткенге дейін, алты айдан кешіктірмей хабарлайды. Хатшылық, сондай-ақ ұсынылған түзетулер мәтінін олардың мәліметі үшін Конвенцияға қол қойған елдерге хабарлайды.

3. Тараптар осы Конвенцияға ұсынылған кез келген түзетулерді бәтуә жолымен қабылдауға қатысты келісімдерге қол жеткізу үшін барынша күш салады. Егер де бәтуә жолымен қол жеткізудің барлық мүмкіндігі сарқылса, ал келісімге қол жетпесе, онда соңғы шара ретінде түзету қатысушы және дауыс беруге келген Тараптардың төрттен үшінші көпшілік дауысымен қабылданады, оны Депозитарий бекіту, мақұлдау, ресми растау немесе қабылдау үшін барлық Тараптарға жібереді.

4. Жоғарыдағы 3-тармақта айтылған рәсім оларды қабылдау үшін Тараптардың кеңесіне келушілер мен осы хаттамаға дауыс беруге қатысушылардың үштен екісінің көпшілік дауысының жеткілікті екенін қоспағанда, кез келген хаттамаға енгізілген түзетулерге қолданылады.

5. Депозитарийдің сақтауына тиісті дәрежеде бекітілген грамоталар мен түзетулерді мақұлдау, ресми растау немесе қабылдау туралы құжаттар өткізіледі. Жоғарыдағы 3 немесе 4-тармақтарға сәйкес қабылданған түзетулер, Депозитарийден бекітілген грамоталарды немесе аз дегенде оларды қабылдаған Тараптардың төрттен үшінің, немесе аз дегенде осы хаттамаға енгізілген түзетулерді, тек осы хаттамада өзгедей нәрсе көзделмесе, қабылдаған Тараптардың үштен екісінің мақұлдауы, ресми растауы немесе қабылдауы туралы құжатты алғаннан кейін тоқсаныншы күні олармен келісетін Тараптар үшін күшіне енеді. Кез келген басқа Тараптар үшін түзетулер, осы Тарап бекітілген грамоталарды немесе осы түзетулерді мақұлдаған, ресми растаған немесе қабылдаған құжатты сақтауға өткізгеннен кейін тоқсан күннен соң күшіне енеді.

6. "Дауыс беруге қатысқан және болған Тараптар" деген термин осы баптың мақсаты үшін "жақтап немесе қарсы дауыс беруге келген және дауыс берген Тараптар" деп ұғынылады.

18-бап

Қосымшаларды қабылдау және оларға түзетулер енгізу

1. Осы Конвенцияның немесе кез келген хаттаманың қосымшалары егер тікелей өзге нәрсе көзделмесе, осы Конвенция мен осы хаттаманың тиісінше ажырамас бөлігін құрайды, онда осы Конвенцияға немесе оған жасалған хаттамаға сілтеме жасау оның кез келген қосымшаларына сілтеме жасауды білдіреді. Мұндай қосымшалар ғылыми-техникалық және әкімшілік мәселелермен шектеледі.

2. Егер қандай да бір хаттама оның қосымшасына қатысты өзгедей ережелерді қарастырмаса, онда ұсыныстардың, осы Конвенцияға толықтыру қосымшаларының немесе хаттама қосымшаларының қабылдауы мен күшіне енуіне ұсыныстардың мынадай рәсімі қолданылады:

а) осы Конвенцияның немесе хаттамалардың қосымшалары 17-баптың 2, 3 және 4-тармақтарында белгіленген рәсімдерге сәйкес ұсынылады немесе қолданылады;

б) осы Конвенцияға толықтыру ережесін немесе кез келген хаттамаға қосымшаны қабылдау мүмкін емес деп саналатын, қатысушы болып табылатын кез келген Тарап оның қабылдануы туралы Депозитарий хабарлаған күннен бастап алты ай ішінде бұл туралы Депозитарийді жазбаша нысанда хабардар етеді. Кез келген Тарап кез келген уақытта қарсылық білдіру туралы бұрын жолдаған өтінішін қабылдау туралы өтінішпен ауыстыра алады, қосымшалар бұдан кейін осы Тарап үшін күшіне енеді;

с) Депозитарий хабарды жіберген күннен бастап алты ай өтісімен осы

Конвенцияның қосымшасы немесе жоғарыдағы б) тармақшасында келтірілген ережелерге сәйкес хабарландыру берілмеген кез келген тиісті хаттамалар қосымшасы барлық тараптар үшін күшіне енеді.

3. Осы Конвенция немесе кез келген хаттама қосымшаларына түзетуді ұсыну, қабылдау және күшіне енгізу Конвенция қосымшаларына немесе қандай да бір хаттаманың қосымшаларына ұсыныстар енгізу, қабылдау және күшіне енгізу үшін белгіленген осыған ұқсас рәсіммен реттеледі. Олардың қосымшаларында және түзетулерінде тиісті дәрежеде *inter alia* тиісті ғылыми-техникалық ұғымдар ескеріледі.

4. Егер қосымшаға берілген қосалқы қосымша немесе түзету осы Конвенцияға немесе кез келген хаттамаға түзету енгізумен байланысты болса, мұндай қосалқы қосымша немесе оған түзетулер енгізілген қосымша осы Конвенцияға немесе тиісті хаттамаға енгізілген түзетулер күшіне енгеннен кейін ғана қоса күшіне енеді.

19-бап

Тексеру

Екінші Тарап осы Конвенция бойынша өз міндеттемелерін бұзып іс-қимыл жасап отыр немесе жасады деп санауға негізі бар кез келген Тарап бұл туралы хатшылыққа хабарлай алады, мұндай жағдайда ол тікелей немесе хатшылық арқылы тәртіп бұзды деп күдіктенген Тарапқа дереу хабарлайды. Мұндай жағдайда хатшылық Тараптарға барлық қажетті ақпаратты береді.

20-бап

Дауларды реттеу

1. Осы Конвенцияны немесе оған қоса берілген кез келген хаттаманы түсіндіруге, қолдануға немесе сақтауға қатысты Тараптар арасында даулар туындаған жағдайда олар дауды келіссөз жолымен немесе өзінің қалауы бойынша кез келген бейбіт тәсілмен реттеуге ұмтылады.

2. Егер мүдделі тараптар дауды алдыңғы тармақта көрсетілген түрде реттей алмаса, дау өзара келісім бойынша Халықаралық сотқа немесе төрелік сот туралы VI қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес төрелік сотқа беріледі. Дауды Халықаралық сотқа немесе төрелік сотқа беру жөнінде өзара келісімге қол жеткізудің мүмкін болмауы Тараптарды 1-тармақта көрсетілген түрде оны реттеу жолын одан әрі іздестіре беру міндеттерінен босатпайды.

3. Бекіту, қабылдау, мақұлдау, ресми растау немесе осы Конвенцияға қосылу сәтінде немесе одан кейінгі кез келген сәтте саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі кез келген мемлекет немесе ұйым *ipso facto* және өздеріне мынадай міндеттеме қабылдайтын кез келген Тарапқа қатысты арнаулы келісімсіз міндетті түрде мойындайтыны туралы мәлімдей алады:

а) дауды Халықаралық сотқа беру; және/немесе

б) дауды VI қосымшада белгіленген рәсімдерге сәйкес төрелік сотқа беру.

Осындай өтініш туралы жазбаша түрдегі хабарландыру Тараптардың назарына жеткізу үшін хатшылыққа жолданады.

21-бап

Қол қою

Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының Намибия жөніндегі Кеңесі және саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі ұйымдары ұсынған Намибия мемлекеттерінің Базельде 1989 жылғы 22 наурызда, Швейцария сыртқы істері Федералдық департаментінің Бернде 1989 жылғы 23 наурыздан 30 маусымға дейін және Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық мекемелерінің Нью-Йоркте 1989 жылғы 1 шілдеден 1990 жылғы 22 наурызға дейін қол қоюы үшін ашық.

22-бап

Бекіту, қабылдау, ресми растау немесе мақұлдау

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының Намибия жөніндегі Кеңесі ұсынған мемлекеттер мен Намибияның бекітуіне, қабылдауын немесе мақұлдауына және саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі ұйымдардың ресми растауына немесе мақұлдауына жатады. Бекітілген грамоталар мен қабылданғаны, ресми расталғаны немесе мақұлданғаны туралы құжаттар Депозитарийдің сақтауына өткізіледі.

2. Осы Конвенцияның Тарабы болатын жоғарыдағы 1-тармақта аталған кез келген ұйым, сонымен қатар оның бір де бір мүше-мемлекеті Конвенциядан туындайтын барлық міндеттемелерге байланысты болатын Тарап болып табылмайды. Мұндай ұйымның бір немесе бірнеше мүше-мемлекеті Конвенция Тараптары болып табылған жағдайда, бұл ұйым және оның мүше-мемлекеттері өз міндеттемелерін орындау жөнінде олардың тиісті міндеттеріне қатысты шешімдер қабылдайды. Мұндай жағдайда бұл ұйым және оның мүше-мемлекеттері Конвенциядан туындайтын құқықтарды қатар жүзеге асыра алмайды.

3. Ресми растау және мақұлдау туралы өздерінің құжаттарында жоғарыда 1-тармақта аталған ұйым Конвенция реттейтін мәселелердегі өз құзыретінің шегі туралы мәлімдейді. Бұл ұйымдар, сондай-ақ өз құзыретінің шегіне енгізілген кез келген елеулі өзгерістер туралы Депозитарийге бұл туралы Тараптарға хабарлайтын хабарландыру жібереді.

23-бап

Қосылу

1. Осы Конвенция Біріккен Ұлттар Ұйымының Намибия жөніндегі Кеңесі мен саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі ұйым ұсынған Намибия мемлекеттерінің қосылуы үшін Конвенцияға қол қою тоқтатылған күннен кейінгі келесі күннен бастап ашық. Қосылу туралы құжаттар Депозитарийдің сақтауына өткізіледі.

2. Жоғарыда 1-тармақта аталған ұйым қосылу туралы өздерінің құжаттарында Конвенция реттейтін мәселелердегі өз құзыретінің шегі туралы мәлімдейді. Бұл ұйымдар да өз құзыретінің шегіне енгізілген кез келген елеулі өзгерістер туралы Депозитарийді хабардар етеді.

3. 22-баптың 2-тармағының ережелері осы Конвенцияға қосылатын саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі ұйымдарға қолданылады.

24-бап

Дауыс беру құқығы

1. Төмендегі 2-тармақта көзделген жағдайларды есептемегенде осы Конвенцияның әрбір Тарабы бір дауысқа ие.

2. Саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі ұйым 22-баптың 3-тармағына және 23-баптың 2-тармағына сәйкес өз құзыретіне кіретін мәселелерде, Конвенцияның немесе тиісті хаттамалардың Тараптары болып табылатын мүше-мемлекеттер санына тең дауыс саны бола отырып, өзінің дауыс беру құқығын жүзеге асырады. Мұндай ұйымдар, егер ұйымдардың мүше-мемлекеттері дауыс беру құқығын жүзеге асырса және керісінше болса, дауыс беру құқығынан айрылады.

25-бап

Күшіне ену

1. Осы Конвенция жиыrmасыншы бекітілген грамота немесе қабылдау, ресми растау, мақұлдау немесе қосылу туралы құжат сақтауға өткізілген күннен бастап тоқсаныншы күні күшіне енеді.

2. Осы Конвенцияны бекітетін, қабылдайтын, мақұлдайтын немесе ресми растайтын немесе оған қосылатын саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі әрбір мемлекет немесе ұйым үшін жиыrmасыншы бекітілген грамотаны немесе қабылдау, мақұлдау, ресми растау немесе қосылу туралы құжатты сақтауға өткізген күннен кейін, Конвенция саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі мұндай мемлекеттердің немесе ұйымдардың бекітілген грамоталарды немесе қабылдау, мақұлдау, ресми растау немесе қосылу туралы құжатты сақтауға өткізген күннен кейін тоқсаныншы күні күшіне енеді.

3. Саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі ұйымдар сақтауға өткізген кез келген құжат жоғарыдағы 1 және 2-тармақтардың мақсаты үшін мұндай

ұйымның мүше-мемлекеттері сақтауға өткізген құжаттарға қосымша ретінде қаралмайды.

26-бап

Ескертпе және мәлімдеме

1. Осы Конвенцияға ешқандай ескерту жасалмайды.

2. Осы баптың 1-тармағы Конвенцияға қол қою, бекіту, қабылдау, мақұлдау, ресми растау немесе оған қосылу кезінде саяси және/немесе экономикалық интеграция жөніндегі бір де бір мемлекетке немесе ұйымдарға кез келген қисындағы және кез келген атаудағы декларациялармен немесе мәлімдемелермен өздерінің заңдары мен ережелерін осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келтіру жөніндегі немесе қосылу туралы құжатты сақтауға өткізген *inter alia* мақсатында сөз алу, мұндай декларациялар немесе мәлімдемелер оларды осы мемлекетке қолдануда осы Конвенция ережелерінің заңды іс-қимылын алып тастауға немесе өзгертуге ұйғарым жасау негізінде кедергі келтірмейді.

27-бап

Конвенциядан шығу

1. Осы Конвенция күшіне енген күннен бастап үш жыл өткеннен кейін кез келген уақытта кез келген Тарап үшін осы Тарап Депозитарийді жазбаша хабардар ете отырып ,
К о н в е н ц и я д а н ш ы ғ а а л а д ы .

2. Конвенциядан шығу Депозитарий хабарландыру алғаннан кейін бір жылдан соң күшіне енеді немесе мұндай аса ұзақ мерзім хабарландыруда көрсетілуі мүмкін.

28-бап

Депозитарий

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы осы Конвенцияның немесе кез келген оның хаттамасының Депозитарийі болып табылады.

29-бап

Түпнұсқалық мәтіндер

Осы Конвенцияның ағылшын, араб, испан, қытай, орыс және француз тілдеріндегі түпнұсқа мәтіндері бірдей түпнұсқалық болып табылады.

Осыны куәландыру үшін тиісті дәрежеде осыған уәкілетті төменде қол қойған өкілдер осы Конвенцияға қол қояды.

Базельде 1989 жылғы 22 наурызда жасалды.

I-ҚОСЫМША

РЕТТЕУГЕ ЖАТАТЫН ЗАТТАРДЫҢ САНАТЫ

Қ а л д ы қ т а р т о б ы

У1 Ауруханалардағы, емханалар мен клиникалардағы емделушілерді дәрігерлік күту нәтижесінде алынған медициналық қалдықтар.

У2 Фармацевтикалық өнімдерді өндіру және өңдеу қалдықтары.

У3 Қажетсіз фармацевтикалық тауарлар, дәрі-дәрмектер, препараттар.

У4 Биосидтер мен питофармацевтикалық препараттарды өндіру, алу және қолдану қ а л д ы қ т а р ы .

У5 Ағаш консерванттарын өндіру, алу және қолдану қалдықтары.

У6 Шектеулі ерітінділерді өндіру, алу және қолдану қалдықтары.

У7 Жылумен өңдеу және құрамында цианидтер бар материалдарды жақсарту қ а л д ы қ т а р ы .

У8 Қажетсіз, алғаш жоспарланған қолдануға жарамсыз минералдық май.

У9 Май/су, көмірсутектер/су қоспалары мен эмульсия жөніндегі қалдықтар.

У10 Құрамында жартылай хлорланған биофенилдер (ЖХБ) және/немесе жартылай хлорланған терфенилдер (ЖХТ), және/немесе жартылай бромдалған биофенилдер (ЖББ) немесе олардың қоспалары бар қажетсіз заттар мен өнімдер.

У11 Айырудың, тазартудың немесе кез келген пиротикалық өңдеудің қажетсіз ш а й ы р л ы қ а л д ы қ т а р ы .

У12 Сияны, бояғышты, пигменттерді, бояуларды, лактарды, олифтерді өндіру, алу және қ о л д а н у қ а л д ы қ т а р ы .

У13 Синтетикалық шайырды, латексті, пластификаторларды, материалдарды жапсырғыш/желімдерді өндіру, алу және қолдану қалдықтары.

У14 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының немесе оқу процесінің барысында алынған қажетсіз химиялық заттар, әлі айқындалмаған және/немесе адамға, және/немесе қоршаған ортаға тигізер әсері әлі белгісіз, жаңа деп саналатын заттар.

У15 Өзгедей заңға кірмейтін қауіпті жарылғыш сипаттағы қалдықтар.

У16 Фотоматериалдарды өңдеуге арналған фотохимикаттар материалдарды өндіру, алу және қ о л д а н у қ а л д ы қ т а р ы .

У17 Металдың және пластмассаның сыртын өңдеу қалдықтары.

У18 Өнеркәсіп қалдықтарын аулаққа шығару жөніндегі операциядан қалғандары.

У19 Металл карбонилдері.

У20 Берилий, берилийдің қосындысы.

У21 Алты валентті хромның қосындысы.

У22 Мыстың қосындысы.

У23 Мырыштың қосындысы.

- У24 Мышьяк, мышьяктің қосындысы.
У25 Селен, селеннің қосындысы.
У26 Кадмий, кадмийдің қосындысы.
У27 Сурьма, сурьманың қосындысы.
У28 Теллур, теллурдың қосындысы.
У29 Сынап, сынаптың қосындысы.
У30 Талий, талийдің қосындысы.
У31 Қорғасын, қорғасынның қосындысы.
У32 Фтористік кальцийді қоспағанда, фтордың шексіз қосындысы.
У33 Шексіз цианидтер.
У34 Қышқыл ерітіндісі немесе қатты түрдегі қышқылдар.
У35 Негізгі қосындылар немесе қатты негіздер.
У36 Асбес (ұнтақ және талшық).
У37 Фосфордың органикалық қосындысы.
У38 Органикалық цианидтер.
У39 Фенолдар, фенолды қосындылар, хлорлы фенолды қоса.
У40 Эфирлер.
У41 Галогенді органикалық ерітінділер.
У42 Галогенді органикалық ерітінділерден басқа органикалық ерітінділер.
У43 Жартылай хлорланған дибензофуран түріндегі кез келген материалдар.
У44 Жартылай хлорланған дибензопидиоксин түріндегі кез келген материалдар.
У45 Осы қосымшада көрсетілген заттардан өзге органикалық галогенді қосындылар
(Мысалы, У39, У41, У44).

II-ҚОСЫМША

АЙРЫҚША ҚАРАУДЫ ТАЛАП ЕТЕТІН ҚАЛДЫҚТАР СИПАТЫ

- У46 Тұрғын үйлерден жиналған қалдықтар.
У47 Тұрмыстық қалдықтарды жағу нәтижесіндегі қалдықтар.

III-ҚОСЫМША

ҚАУІПТІ ҚАСИЕТТЕРДІҢ ТІЗБЕСІ

Г о п	К о д т ы ң	е р е к ш е л і г і
Б Ұ Ұ *	н ө м і р і :	

* Қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі БҰҰ ұсынымдарында баяндалған қауіпті жүктерді жіктеу жүйесіне сәйкес келеді (ST/S6/AC. 10/1 Rev.5, БҰҰ Нью-Йорк, 1988 ж.)

1. Н1 Жарылғыш заттар

Жарылғыш заттар немесе қалдықтар - бұл қатты немесе сұйық заттар немесе қалдықтар (не болмаса қоспа заттар немесе қалдықтар), олар өз бетінше температура кезінде газ бөле отырып, химиялық реакцияға және аса жылдамдықпен қысым жасауға қабілетті, қоршаған заттарға зақым келтіреді.

3. Н3 Тез тұтанғыш сұйықтықтар

"Тез тұтанғыш" термині "оңай жанатын" терминімен мәндес, құрамында қатты заттар немесе суспензиялар бар сұйықтықтар (мысалы: бояулар, политура, лактар, олардың қауіпті қасиеттеріне сәйкес жіктелген заттардан немесе қалдықтардан басқа) және т.б. 60,5 С градустан жоғары емес температурада жабық ыдыста немесе 65,6 С градустан жоғары емес температурада ашық ыдыста тұтанғыш булар бөліп шығаратын сұйықтықтар, сұйықтық қоспалары немесе ерітінділер тұтанғыштар болып табылады, (Демек, ашық және жабық ыдыстардан алынған нәтижелерді дәл салыстырылды деп айтуға болмайды және сондай бір әдіспен алынған жекелеген нәтижелердің бір бірінен айырмашылығы бар екені жиі кездеседі, онда жоғарыда келтірілгендерден сандардың айырмашылығы болу ережесі аталуға айқындаулар рухында қалады).

4.1 Н4.1 Тұтанғыш қатты заттар

Тасымалдау процесінде кездесетін жағдайларда, жарылғыш ретінде жіктелгендерден басқа қатты заттар немесе қатты қалдықтар оңай тұтануға, не болмаса үйкелген кезде от шығаруға немесе қатты лап ете түсуге бейім.

4.2 Н4.2 Өздігінен жануға бейім заттар немесе қалдықтар өздігінен жануға бейім заттар мен қалдықтар қалыпты тасымал кезінде қызып кетуге немесе желге шаққан кезде қызып кетуге бейім, содан кейін өз өзінен жалын шығаруға бейім.

4.3 Н4.3 Су тиген кезде тұтанғыш газ бөлетін заттар немесе қалдықтар Заттар мен қалдықтар су тиген кезде өз өзінен жануға немесе қауіпті мөлшерде оңай тұтанатын газ бөлуге бейім.

5.1 Н5.1 Тотыққыш заттар

Заттар өз өзінен жанбайды, ол, әдетте, тотық бөлудің салдарынан басқа материалдардың тұтануына әкеп соғады немесе әсер етеді.

5.2 Н5.2 Органикалық пероксидтер

(Термикалық тұрақсыз заттар болып табылатын құрамында - О-О-бивалентті топтар бар органикалық заттар өзінен өзі экзотермикалық жылдам шіруге ұшырайды).

6.1 Н6.1 Уытты (улы) заттар

Тыныс алу, ас қорыту органдары арқылы немесе тері арқылы организм ішіне түскен заттар немесе қалдықтар адамдардың өлуіне әкеп соғады немесе оған қатты кері әсерін тигізеді.

6.2 Н6.2 Жұқтырғыш заттар

Құрамында тірі микроорганизмдер немесе олардың уыты бар заттардың немесе қалдықтардың адамдарды ауруға шалдықтыратыны белгілі немесе түсінікті.

8. Н 8 Коррозиялық заттар

Тікелей қарым-қатынас кезінде химиялық әсер ету жолымен ықпал ететін заттар немесе қалдықтар тірі тканьді әжептәуір зақымдайды немесе мұндай заттар мен қалдықтардың ағып шығуы немесе себілуі басқа жүктерді немесе көлік құралдарын зақымдайды және тіпті бүлінуге дейін әкеп соғады; сондай-ақ басқа да қауіп түрлерін қамтуы мүмкін.

9. Н10 Ауаға шыққан немесе сумен ылғалданған кезде уыттыгаз бөлу
Ауаға шыққан немесе сумен ылғалданған заттар немесе қалдықтар қауіпті мөлшерде уытты газ бөледі.

9. Н11 Уытты заттар (ұзаққа созылған немесе созылмалы ауруға шалдықтыратын) Тыныс алу, ас қорыту органдары арқылы немесе тері арқылы организм ішіне түскен заттар немесе қалдықтар ұзаққа созылған немесе созылмалы ауруларға, рак ауруын қоса, едәуір шалдықтырады.

9. Н 12 Аса уытты заттар

Заттар немесе қалдықтар қоршаған ортаға тап болған жағдайда қоршаған ортаны биотоптау нәтижесінде қоршаған ортаға бірден қауіп төндіреді немесе біртіндеп төндіреді және/немесе биотикалық жүйелерге уытты әсер етеді.

9. Н13 Заттар, аулаққа шығарылғаннан кейін қандайда бір түрде басқа материалдар түзуге бейім, мысалы,

сілтісіздендіру жолымен, оның үстіне бұл материалдар жоғарыда аталғандардың ішінен қандай да бір қасиетті иеленеді.

МӘТІНДЕР

Қалдықтардың жекелеген түрлерінің ауқымды қаупі әлі аяғына дейін құжатталмаған; мұндай қауіпті сан жағынан бағалау үшін тест әдістемелері әлі жоқ. Осы заттардың адамдары және қоршаған ортаға тигізетін ауқымды қаупін көрсететін әдістерін әзірлеу үшін одан әрі зерттеу қажет. Стандартты зерттеу әдістері таза заттар мен материалдар үшін жасалған болатын. Көптеген мүше-мемлекеттер ұлттық тесттер әдісі әзірленді, ол 1-қосымшада көрсетілген материалдарға, бұл материалдар қандай да бір қасиетті иелене ме, жоқ па, соны анықтау үшін осы қосымшада аталған материалдарға қолданылады.

IV ҚОСЫМША

АУЛАҚҚА ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕГІ ОПЕРАЦИЯ

А. Тікелей қайталап немесе балама пайдалануда қайта куперациялауға, қайта циркуляциялауға, қайта өңдеуге болатын операциялар.

А бөлімі тәжірибеде кездесетін аулаққа шығару жөніндегі операция сияқтылардың

б а р л ы ғ ы н

қ а м т и д ы .

D1. Жерге көму немесе жерге тастау (мысалы, қоқыс тастайтын жерге және т.б.),

D2. Топырақты өңдеу (мысалы, сұйық немесе қоймалжың қалдықтарды топыраққа биохимиялық түрде жаймалау және т.б.),

D3. Үлкен тереңдікке себу (мысалы, тиісті консистенциядағы қалдықтарды скважиналарға, тұзды шұңқырларға немесе табиғи резервуарларға себу және т.б.),

D4. Суаттардың бетіне тастау (мысалы, сұйық немесе қоймалжың қалдықтарды шұңқырларға, тоғандарға немесе тұндырылған бассейндерге тастау және т.б.),

D5. Арнайы жабдықталған қоқыс тастайтын жерге тастау (мысалы, оларды бір бірінен және қоршаған ортадан оқшаулауға кепілдік беретін оқшаулайтын төсенішпен және бетін жауып жеке бөлікпен тастау және т.б.),

D6 Теңіздер/мұхиттардан басқа суаттарға тастау,

D7 Теңіздер/мұхиттарға тастау, оның ішінде теңіз түбіне көму,

D8 Осы қосымшаның басқа бөлімдерінде сөз болмаған биологиялық өңдеу түпкілікті қосындылар мен қоспалар түзуге әкеп соғады, содан кейін А бөлімінде айтылған тәсілдердің бірі қолданылып аулаққа шығарылады,

D9 Осы қосымшаның басқа бөлімдерінде сөз болмаған физико-химиялық өңдеу түпкілікті қосындылар мен қоспалар түзуге әкеп соғады, содан кейін А бөлімінде айтылған тәсілдердің бірі қолданылып аулаққа шығарылады (мысалы, булау, кептіру, балқыту, нейтралдандыру, тұндыру және т.б.),

D 1 0 Қ ұ р л ы қ т а ө р т е у ,

D 1 1 Т е ң і з д е ө р т е у ,

D12 Көму (мысалы, шахтадағы контейнерлерді көму және т.б.),

D13 А бөлімінде көрсетілген операциялардың кез келгені басталғанға дейін қашықтатуға дайындау және қайталап пайдалану үшін біртектес немесе тектес емес қ о с п а л а р д ы а л у ,

D14 А бөлімінде көрсетілген операциялардың кез келгені басталғанға дейін қайта о р а у ,

D15 А бөлімінде көрсетілген операциялардың кез келгені жасалғанша сақтау.

В. Қайта куперациялауға, қайта циркуляциялауға, қайта өңдеуге, тікелей қайталап немесе балама пайдалануға сәйкес келетін операциялар.

В бөлімі қауіпті қалдықтар ретінде заңды түрде анықталған немесе олай болмаған жағдайда А бөлімінде көзделген операцияларға арналған деп саналған материалдармен жасалатын барлық операцияларды қамтиды.

R1 Энергия алу үшін отын ретінде (тікелей өртеуден басқа) немесе өзге түрде п а й д а л а н у ,

R2 Ерітінділерді қайта өңдеу/қалпына келтіру,

R3 Еріткіштер ретінде пайдаланылмайтын органикалық заттарды қайта циркуляциялау / қ а й т а ө ң д е у ,

R4 Металдарды және оның қосындыларын қайта циркуляциялау/қайта өңдеу,
 R5 Басқа да органикалық емес материалдарды қайта циркуляциялау/қайта өңдеу,
 R6 Қышқылдар мен негіздерді қалпына келтіру,
 R7 Ластаумен күрес жүргізуге пайдаланылатын құрамдас бөліктердің қайта к у п е р а ц и я с ы ,
 R8 Катализаторлар құрамдас бөліктерінің қайта куперациясы,
 R9 Мұнай өнімдерін қайтарып айдау немесе мұнай өнімдеріне бұрын пайдаланғанды тағы да қайталап қолдану,
 R10 Егін шаруашылығына пайдалы әсер ететін немесе экологиялық жағдайды жақсартатын топырақты өңдеу,
 R11 Қалдықтарды R1 - R10 нөмірлеріндегі кез келген операцияларға пайдалану,
 R12 Қалдықтарды R1 - R10 нөмірлеріндегі операциялар жолымен аулаққа шығару ү ш і н а й ы р б а с т а у ,
 R13 В бөлімінде мазмұндалған кез келген операцияның көмегімен кейіннен аулаққа шығарылатын материалды жинақтау.

V.A ҚОСЫМША

ХАБАРЛАМА-ХАТ БАЯНДАЛҒАН АҚПАРАТ

1. Қалдықтарды экспорттау себебі
2. Қалдықтарды экспорттаушы ¹
3. Қалдықтарды өндіруші(лер) ¹
4. Қалдықтарды аулаққа шығаруға жауапты адам ¹
5. Қалдықтарды тасымалдауға, ұйғарылған тасымалдаушы немесе оның (олардың) агенттері, егер белгілі болса ¹
6. Қалдықтарды экспорттаушы ел, құзыретті өкімет ²
7. Транзит ұйғарылған ел, құзыретті өкімет ²
8. Қалдықтарды импорттаушы ел, құзыретті өкімет ²
9. Жалпы немесе біржолғы хабарлама-хат
10. Қалдықтарды жүзеге асыру мерзімі ішінде жеткізілімнің жоспарланған күні(дері) мен уақыт кезеңі және ұйғарылған маршрут (әкелу және әкету пункттерін қоса) ³
11. Тасымалдаудың ұйғарылған түрлері (автомобильмен, темір жолмен, теңіз, әуе жолдарымен, ішкі су жолдарымен)
12. Сақтандыруға қатысты ақпарат ⁴
13. Қалдықтарды айқындау және нақты сипаты, У нөмірлері мен БҰҰ нөмірлерін қоса және олардың құрамы ⁵ және оның айналымын авария жағдайларына арналған төтенше ережелерді қоса, қойылатын қандай да бір арнаулы талаптар туралы ақпарат

14. Ораудың ұйғарылған түрлері (мысалы, бос тиеу, күбімен, танкермен)

15. Салмағы/көлемі бойынша бағаланған мөлшері ⁶

16. Нәтижесінде қалдықтар алынған процесс ⁷

17. Конвенцияның II қосымшасына сәйкес 1-қосымшада аталған, қалдықтардың қауіптілік сыныптары; қауіп ерекшеліктері, Н нөмірі; БҰҰ сыныбы

18. III қосымшаға сәйкес аулаққа шығару әдісі

19. Ақпараттың растығы туралы өндірушілердің және экспорттаушылардың м ə л і м д е м е с і

20. Экспорттаушы немесе экологиялық жағынан негізделген әдіспен және импортқа шығарушы елдердің нормалары мен ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін ұйғарылған аулаққа шығару туралы соңғы қорытынды жасайтын негізде аулаққа шығаруға жауапты өндіруші адамға жіберілетін ақпарат (кәсіпорындардың техникалық с и п а т ы н қ о с а)

21. Экспорттаушы мен аулаққа шығаруға жауапты адам арасында жасалған контракт туралы.

Ескерту

¹ Ұйымның толық атауы, мекен-жайы, телефоны мен телексiнiң немесе телефаксiнiң нөмірі, сондай-ақ өтiнiшпен баратын адамның аты-жөнi, мекен-жайы, телефоны мен телексiнiң, телефаксiнiң нөмірі,

² Толық атауы, мекен-жайы, телефоны мен телексiнiң немесе телефаксiнiң нөмірі,

³ Бiрнеше жеткiзiлiмдердi қамтитын жалпы хабарлама-хатқа әрбiр жеткiзiлiмнiң ұйғарылған күндерi туралы, не болмаса, ол белгiлi болса, жеткiзiлiмдердiң ұйғарылған күндерi туралы ақпарат талап етiледi,

⁴ Сақтандыру талаптарына сәйкестiгi туралы және оны экспорттаушының, тасымалдаушының және аулаққа шығаруға жауапты адамның қалай қанағаттандырғаны туралы ақпарат берiлуге тиiс,

⁵ Қалдықтардың оны қолданған кезде, сондай-ақ аулаққа шығарудың ұйғарылған әдiсiне байланысты қарағанда, оның уыттылығы мен басқа қауiптi түрлерiнiң, оның барынша қауiптi құрамдас бөлiктерiнiң сипаты мен концентрациясы,

⁶ Бiрнеше жеткiзiлiмдердi қамтитын жалпы хабарлама-хатқа жеткiзiлiмнiң бағаланған жалпы көлемi туралы қалай болса, әрбiр жекелеген жеткiзiлiмдердiң бағаланған көлемi туралы да сондай ақпарат талап етiледi,

⁷ Демек, мұның аулаққа шығару жөнiнде ұсынылған операциялардың қауiптiлiгi мен айқындаудың орындылығын бағалау үшiн қаншалықты қажеттiгi.

V.V ҚОСЫМША

ТАСЫМАЛДАУ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТ МАЗМҰНДАЛҒАН АҚПАРАТ

1. Қалдықтарды экспорттаушылар¹
2. Қалдықтарды өндіруші(лер) және өндірістің орналасқан жері¹
3. Қалдықтарды аулаққа шығаруға жауапты адам, аулаққа шығаруы арналған орынның нақты орналасқан жері¹
4. Қалдықтарды тасымалдаушы(лар)¹ немесе оның (олардың) агенті(тері)
5. Жалпы немесе біржолғы хабарлама-хаттың мәні
6. Шекарааралық тасымалдаудың басталған күні мен қалдықтарға жауапты әрбір адамның түбіршектегі қойылған қолы және түбіршектегі күн(дер)
7. Тасымалдаудың түрлері (автомобильмен, темір жолмен, ішкі су жолдарымен, теңіз, әуе жолдарымен), оның ішінде экспорт, транзит және импорт елдерінде, сондай-ақ әкелу мен әкету пункттеріндегі, егер соңғысы айқын болса.
8. Қалдықтардың жалпы сипаты (қажеттігіне қарай, нақты жағдайы, БҰҰ-да дәл қабылданған жүк атауы және сыныбы, БҰҰ нөмірі, У және Н кодтары)
9. Айналым негізіндегі арнаулы талаптар туралы, оның ішінде апаттар кезіндегі шаралар туралы ақпарат
10. Орау түрлері мен жүк орнының саны
11. Салмағы/көлемі бойынша саны
12. Ақпараттың растығы туралы өндірушілердің және экспорттаушылардың мәлімдемесі
13. Тараптар болып табылатын барлық мүдделі мемлекеттердің құзыретті органдары тарапынан қарсылық болмағанын көрсететін өндірушінің немесе экспортшының мәлімдемесі
14. Қалдықтарды аулаққа шығаруға жауапты адамның аулаққа шығару жөнінде бөлінген объектілерден қалдықтар алуы жөніндегі куәлігі және аулаққа шығарудың шамамен алынған күні

Ескерту

Тасымалдау туралы құжатта талап етілген ақпарат тасымалдау ережелері бойынша талап етілетін ақпаратпен бірге мүмкіндігінше осы құжатқа жинақталуға тиіс. Егер мүмкін болмаған жағдайда, тасымалдау ережелері бойынша талап етілетін ақпаратты қайталанғанша, бұл ақпаратты тездеп толықтыру қажет. Тасымалдау туралы құжатта ақпаратты кім бергені және кез келген формулярды кім толтырғаны жөнінде нұсқау болуға тиіс.

Ұйымның толық атауы мекен-жайы, телефоны мен телексiнiң немесе телефаксiнiң нөмiрi, сондай-ақ өтiнiшпен баратын адамның аты-жөнi, мекен-жайы, телефоны мен телексiнiң, телефаксiнiң нөмiрi.

VI ҚОСЫМША

ТӨРЕЛІК СОТ

1-бап

Егер Конвенцияның 20-бабында айтылған келiсiм өзгедей нәрсе көздемесе, төрелiк соттың iс қарауы төмендегi 2-10-баптарда жазылғандарға сәйкес жүргiзiледi.

2-бап

Талапкер-тарап 20-баптың 2-тармағына немесе 3-тармағына сәйкес, туындаған дауды түсiндiру немесе қолдану жөнiндегi Конвенция бабын қоса, тараптардың дауды төрелiк соттың қарауына беруге келiскенi туралы хатшылықты хабардар етедi. Хатшылық алынған мұндай түрдегi ақпаратты Конвенцияның барлық тараптарына жiбередi.

3-бап

Төрелiк сот үш мүшеден тұрады. Дауласушы әрбiр тараптан арбитр тағайындалады және осылай тағайындалған екi арбитр өзара келiсе отырып сот төрағасы мiндетiн атқаратын үшiншi арбитрді тағайындайды. Соңғысы дауласушы тараптардың бiрiнiң азаматы болуға тиiс емес және оның мекен-жайы осы тараптардың бiрiнiң тұратын жерiнде болуға тиiс емес, оларда қызмет бабымен болуға да тиiс емес немесе қандай да бiр өзгедей себеппен бұл iске қатысының болуы тиiс емес.

4-бап

1. Егер екiншi арбитр тағайындалғаннан кейiн екi ай өткенше төрелiк соттың төрағасы тағайындалмаса, онда тараптардың бiрiнiң өтiнiшi бойынша Бiрiккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы оны келесi екi ай iшiнде тағайындайды.

2. Егер дауласушы тараптың бiреуi өтiнiш алғаннан кейiнгi екi ай iшiнде арбитр тағайындалмаса, екiншi тарап келесi екi ай iшiнде төрелiк соттың төрағасын тағайындайтын Бiрiккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына бұл туралы хабарлауға құқылы. Өзi тағайындалғаннан кейiн төрелiк соттың төрағасы әлi арбитрiн

тағайындамаған тараптан мұны екі айдың ішінде істеу қажеттігін өтінеді. Бұл кезең өтісімен ол тиісінше Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына хабарлайды, бұл арбитрді келесі екі ай ішінде өзі тағайындайды.

5-бап

1. Төрелік сот халықаралық құқыққа сәйкес осы Конвенцияның ережелеріне сай өз ш е ш і м і н ш ы ғ а р а д ы .

2. Осы қосымшалардың ережелеріне сәйкес құрылған кез келген төрелік сот өзінің жеке процедура ережесін әзірлейді.

6-бап

1. Төрелік соттың процедуралық мәселелер мен тіршілік мәселелері жөніндегі шешімдері оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады.

2. Сот фактілерді белгілеу үшін барлық тиісті шараларды қабылдай алады. Ол тараптардың бірінің өтініші бойынша қорғаудың қажетті уақытша шарасын қ а б ы л д а у д ы ұ с ы н а а л а д ы .

3. Дауласушы тараптар іс қарауды тиімді жүргізу үшін барлық қажетті жағдайларды қ а м т а м а с ы з е т е д і .

4. Сотқа дауласушы тараптың бірінің болмауы немесе келмей қалуы істі қарауға кедергі болмайды.

7-бап

Сот тікелей дау-дамайдың болуынан туындаған қарсы тарапты тыңдай алады және олар бойынша шешім шығарады.

8-бап

Егер тек төрелік сот істің нақты жағдайына сүйене отырып өзгедей шешім қабылдаса, сот шығасысын, сот мүшелерінің қызмет төлемін қоса, тараптар өзара теңдей бөледі. Сот өзінің барлық шығыстарын тіркеп отыр және тараптарға осы шығыстар жөнінде түпкілікті есеп береді.

9-бап

Құқықтық сипаттағы мүддесіне іс қарау жөніндегі шешіммен қысым жасалған дау объектісіндегі кез келген Тарап соттың келісімімен сотта сөз сөйлеуге құқылы.

10-бап

1. Сот өзі құрылған күннен бастап бес ай ішінде, егер бұл мерзімді бес айдан аспайтын кезеңге ұзарту қажет деп санамаса, өз шешімін шығарады.

2. Төрелік соттың шешімі істің себебін қоса түсіндіреді. Оның шешімі дауласушы тараптар үшін түпкілікті болып табылады.

Сот шешімін түсіндіру немесе орындау жөнінде тараптар арасында туындауы мүмкін кез келген дауды кез келген тараптың шешім шығарған төрелік сотқа беруі мүмкін, немесе, егер соңғысымен байланыс жасасу мүмкін болмаса, бірінші сияқты осы мақсатта сол түрде құрылған басқа сотқа беруі мүмкін.

Вице-Министр

Сарапшылық кеңес отырысының N 4

Хаттамасынан үзінді

Алматы қаласы

1997 ж. 24 қыркүйек

Күн тәртібі

1. Қазақстан Республикасының халықаралық ұйымдарға берешегін өтеуі туралы;
2. Қазақстан Республикасының халықаралық конвенцияларға және келісімдерге қосылуы, сондай-ақ ХҰ (халықаралық ұйымдарға) кіруі туралы;
3. Сарапшылық кеңестің бұрынғы отырыстарында қабылданған шешімдерінің атқарылу барысы туралы.

Бірінші сұрақ бойынша:

Тыңдалды : Қазақстанның халықаралық ұйымдарға берешектерінің ахуалы туралы.

Шешілді: Мына ХҰ берешектер өтелсін:

1. Біріккен Ұлттар ұйымы - (ООН);
2. Мәдениет, ғылым және білім жөніндегі БҰҰ - (ЮНЕСКО);
3. Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйым - (ОБСЕ);
4. Дүниежүзілік Метеорологиялық Ұйым - (ВМО);
5. Ислам Конференциясы Ұйымы - (ОИК);
6. Энергетикалық Хартия - (ЭХ);
7. Дүниежүзілік Кедендік Ұйым - (ВТО);
8. (БҰҰ) Өнеркәсіптік даму жөніндегі ұйымы - (ЮНИДО);
9. Инвестицияларды тарату жөніндегі Дүниежүзілік Агенттіктер Ассоциациясы - (В А Й П А) ;

10. Еуропадағы дағдылы қарулы күштер жөніндегі бірлескен Келісімшарттық консультативтік тобы (СКГДОВСЕ);

11. Биологиялық әралуандылық туралы конвенция (жарым-жартылай).

Мына ХҰ берешектердің қаралуы мәселесі келесі жолдарға ауыстырылсын:

1. Ядролық сынақтарға біржола тыйым салу туралы Шартын дайындау комиссиясы

- (Д В З Я И) ;

2. Дүниежүзілік Туристік Ұйым - (ВТО);

3. Халықаралық Метрологиялық Заңшығару Ұйымы - (МОЗМ);

4. Халықаралық Еңбек Ұйымы - (МОТ);

5. Халықаралық Эпизоотиялық Бюро - (МЭБ);

6. Халықаралық Азаматтық Қорған Ұйымы - (МОГО).

Қаржы министрлігі мына ХҰ бойынша жарналар сомаларын 1998 жылға арналған бюджет жобасына енгізісін деген ұсыным жасалсын:

1. БҰҰ Өнеркәсіптік даму Ұйымы - (ЮНИДО);

2. Халықаралық Атом Энергиясы жөніндегі Агенттігі (МАГАТЭ);

3. Халықаралық Еңбек Ұйымы (МОТ).

Мына ХҰ басымды ұйымдар тізбесіне енгізілсін:

1. БҰҰ өнеркәсіптік даму ұйымы (ЮНИДО);

2. Ядролық сынақтарға біржола тыйым салу туралы Шарт (ДВЗЯИ).

Екінші сұрақ бойынша:

Тыңдалды : Қазақстан Республикасының мынадай көпжақты конвенциялармен келісімдерге қосылуы туралы.

Шешім қабылданды : СІМ мүдделі ведомстволармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының мынадай көпжақты конвенциялар мен келісімдерге қосылуы жөніндегі жұмыстарды бастасын:

1. Босқындар мәртебесіне қатысты Конвенция және Хартия;

2. ОБСЕ бітістіру және төрелік соты жөніндегі Конвенция;

3. Африка-Еуразиялық жылыстаушы шалшық-батпақ құстарын қорғау жөніндегі К е л і с і м ;

4. Траншекаралық түсініктегі қоршаған ортаға әсерді бағалау туралы Конвенция;

5. Траншекаралық су ағыстары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану ж ө н і н д е г і К о н в е н ц и я ;

6. Өнеркәсіптік апаттардың трансшекаралық әсері туралы Конвенция;

7. Ауаның алыс қашықтықтарға трансшекаралық ластануы туралы Конвенция;

8. Қауіпті қалдықтарды трансшекаралық тасымалдауын және әкетілуін бақылау туралы Б а з е л ь К о н в е н ц и я с ы ;

9. Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі туралы Конвенция;

10. Коммерциялық мақсатқа қызмет ететін автокөлік құралдарын уақытша шеттен келтіруге байланысты Конвенция;
11. Контейнерлерге байланысты Конвенция;
12. Шекарадағы жүктердің бақылауын жүргізу шарттарын келісу туралы Конвенция

Сыртқы істер министрлігі және Қаржы министрлігі бірлесе отырып Қазақстан Республикасының Халықаралық Бухгалтерлер Федерациясына кіруі жөніндегі жұмыстарды бастасын.

Үшінші сұрақ бойынша:

Шешім қабылданды : СК-тің бұрынғы отырыстарында қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы хабарлама еске алынсын.

Министр,
Сараптамалық Кеңестің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК